

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Түркістан облысы Шардара ауданы
Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі

Бекітемін:
Мектеп директоры:
 Ж.Нұрымбет

Келісемін:
ДТІЖО: 
М.Әділхан

Тәрбие сағаты

ТАҚЫРЫБЫ:

Сөз күдіреті:

"Әлемге мәшһүр жазушы-Дулат"

7 «а» сыныбы

Сынып жетекшісі:

Туякова К.

2022 – 2023оқу жылы

Тақырыбы: «Әлемге мәшһүр жазушы-Дулат»

Мақсаты:

а) білімділік: Дулат Исабеков шығармашылығы мен өмірі жайлы түсінік беру.

ә) дамытушылық: шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойларын дәл, нақты жеткізе білуге, сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу, дүниетанымын кеңейту, шығарма жайлы алған білімдерін әр түрлі тапсырмалар арқылы жүйелеу, базаларды тез ойланп, жауаптарын тиянақты айта білуге дағдыландыру.

б) тәрбиелік: оқушылардың ата-ананың қадірін білуге қастерлеуге, құрметтеуге, үйрету, атасына деген сүйіспеншілігін ояту, сезімдерін қалыптастыру және халқымыздың мұрасын бағалай білуге тәрбиелеу

Көрнекілігі: Портрет, кітап көрмесі

Техникалық құралдар: слайд, интерактивті тақта, бейнетаспа.

Сынып жетекшісі: Құрметті кітап сүйер қауым бүгінгі жазушы, драматург жерлесіміз Дулат Исабековтың 75 жасқа толуына арналған «Әлемге мәшһүр жазушы-Дулат» атты кешімізге қош келдіңіздер!!!

Диалог: Дулат Исабеков 1942 жылы 20 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданында туған. Жазушы, драматург. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген (1966). Қазақ КСР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетінде аға редактор (1967–1968), Қазақ Совет энциклопедиясы бас редакциясында аға ғылыми редактор (1968–1970), «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі (1971–1976), «Жалын» баспасында редакция меңгерушісі (1976–1980), Қазақ КСР Мәдениет министрлігі репертуарлық редакциялық коллегияның бас редакторы (1980–1988), Қазақ теледидарының бас директоры (1988–1992), «Жазушы» баспасының директоры (1992–1995), Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, ҚР Мәдениеттану ғылыми-зерттеу институтының директоры болып істеген. Қазір «Мәдениет» журналының бас редакторы.

Әйгерім: слайд (Д. Исабековтың шығармашылығы туралы)

Алғашқы әңгімесі «Жолда», «Замандастар» атты жинақта 1963 жылы жарияланды. Кейін «Бекет» (1966), «Ащы бал» (1969), «Мазасыз күндер», (1970), «Қара шаңырақ» (1973), «Тіршілік» (1975) повестер мен әңгімелер жинақтары, «Қарғын» (1980) романы басылды. Таңдамалы повестері «Екі жиырма» (1983) деген атпен жарық көрді. Бірқатар шығармалары орыс тілінде аударылып, «Полюнь» (1978), «Отчий дом» (1979), «Смятение» (1986), «Новоселье в старом доме» (1986) деген атпен басылды. Жекелеген туындылары венгр, неміс, поляк, чех тілдерінде жарияланды.

Асылжан: «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Әпке» (1977), «Ертеңді күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Ескі үйдегі екі кездесу», «Бонапарттың үйленуі», «Мұңлық-Зарлық», «Амал мен айла» т.б. пьесалары республикалық, облыстық театр сахналарында қойылды. Таңдаулы пьесалар жинағы «Жеті желкен» деген атпен 1987 жылы жарық көрді. Жекелеген туындылары бойынша «Гауһар тас» (реж. Ш.Бейсембаев, 1975), «Дермене» (реж. А.Әшімов, 1986), «Тауқымет» (реж. Ұ.Қолдауова) көркем фильмдері түсірілді. Қазақстан Жазушылар одағының М.Әуезов атындағы сыйлығының (1985, «Мұрагерлер» пьесасы үшін), ҚР Мемлекеттік сыйлығының (1992), Халықаралық ПЕН клуб, Платиналы «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты (2006).

Әсемай: Қазан айының 1-7 жұлдызында «Қазақ өнерінің фестивалі» деген атпен жазушы, драматург Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Т.Жүргенов атындағы Қаз ҰОА –ның профессоры Дулат Исабековтың шығармашылығына негізделген фестиваль өтті. Бір аптаға жоспарланған фестивальдің әрбір күні кездесулермен басқосулардан тұрды. Британ ұлттық кітапханасына «Гауһар тас», «Біз соғысты көрген жоқпыз» атты кітаптары ағылшын тілінде оқырмандарға ұсынылды. Слайд «Балалық шаққа саяхат»
Оқушылар жазушы Дулат Исабековтың оқыған шығармаларынан үзінді оқиды.

Раушан: Мәдениет қызметкері Мыңжасар Дәрменовтың «Жігіт едің бір кездері» өлеңі.

Жазушы, драматург Дулат Исабековқа арнау.

Жігіт едің бір кездері дудар шаш.

Дулат аға құтты болсын 75 жас.

Бірге жасап әуенімен Гауһар тас,

Ғасыр асып қосыңызшы жасқа- жас.

Дарынды ұлы шөпке аунаған қаршадай

Күтіп отыр Монғайтас пен Аршабай

Прозаның қас шебері ағатай

Жүріңізші шабыттанып шаршамай.

Жаратылған семсеріндей намыстың

Мәңгі жаса дарында ұлы Арыстың

Елдің сөзін сөйлеп жүріп биіктен

Билікпенен тайсалмастан алыстың.

75 деген жеті жасар қазанат,

Ерттеп мінер Дулатсынды азамат.

Елдің мұны күндіз- түні жүреді,

Ағамыздың ет- жүрегін мазалап.

Үстем болсын мерейіңіз мәңгілік,

Алдыңыздан атсын күнде таң күліп.

Гауһар тасың сезіміңді аялап,

Әуен жүрсін санаңызда жаңғырып.

Жазушы, драматург Дулат Исабековқа арнау.

Драма. Жәркен Бөдешұлы
Сыртың суық соншама,
Жайдай өткір жанарың.
Төбене құс консада,
Ашылмайды қабағың.
Салмағың сап еңсеңе,
Қилы заман, зар ғасыр.
Ерімей, жаз келседе де,
Самайыңда қар жатыр.
Мынау жалпақ ғаламда-
Талай жұмбақ, талай сыр.
Жалтақ, қорқақ наданға
Суық көзбен қарайсын.
Шындықты айтқан адамды
Шың батырға балайсын.
Қисық, қыңыр заманды
Тезге салдың, жарайсын.
Қазақ деген қайран жұрт,
Сағым қуған, сар тісті.
Сахнаны майдан ғып,
Сансырамай тартысты.

Жайық: XX ғасырдың 60 - жылдарынан қазақ прозасының дамуына өз үлесін қосқан қаламгерлер қатарында ерекше орыны бар жазушының бірі – Дулат Исабеков. Егер, 60 – 80-жылдар прозасының хал-ахуалы туралы пікір айтар болсақ, ол ішптей қайшылықтарға толы. Осы кезде әдебиет аулына келген, өндірте жазған, өз туындыларымен қоғамға серпіліс әкелген сол кездегі жазушылардың бірі де Дулат Исабеков.

Бүгінге дейін Д.Исабеков шығармаларының тақырыбы, стилі, образдар құрылымы, композициясы туралы бағалы пікірлер көптеп айтылды, зерттеулер де жасалды. Мәселен, жазушы шығармаларының жанрлық ерекшелігі, сюжеттік-композициялық құрылымы, стилі, ондағы кейіпкерлердің адамгершілік сана табиғаты, көркем уақыт пен кеңістік проблемалары, авторлық позиция және тағы басқа да мәселелер М.Хамзин, Т.Есембеков, М.Қанафина, С.Таханов және т.б. еңбектерінде жан-жақты талданды.

Үлмекен: Д.Неталиева «Д.Исабеков повестеріндегі ұлттық мінез сипаты» атты зерттеу еңбегінде Д.Исабеков повестеріндегі ұлттық мінезді әдеби дәстүр мен жалғастық аясында анықтап, талдаған. Қ.Хамзинаның «Қазақ повестеріндегі көркем уақыт және кеңістік» атты диссертациялық еңбегінде уақыт пен кеңістікті кескіндеу барысында 60 – 80 - жылдардағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерімен бірге Д.Исабековтің де бірталай шығармаларындағы адам концепциясына көңіл бөлінген. М.Қанафина «Проблемы творческой индивидуальности Д.Исабекова» деген еңбегінде жеке тұлға мен жағдай арасындағы тартыс, жеке тұлға мен қоғам

арасындағы тартыс жайында сөз етіп жазушының «Қарғын» романына осы тұрғыдан және ұлттық характердің берілуі тұрғысынан келіп, жан-жақты саралаған. Ж.Жарылғапов өзінің «70 – 80-жылдар қазақ прозасындағы адам концепциясы» атты диссертациялық жұмысында жазушының бірқатар шығармаларына экзистенциализм тұрғысынан баға берген.

Балинұр: Ол-терең интеллектуал жазушы. Әрбір шығарма оқырманға ой тастап, мәгілік сұрақтарға жауап іздеді», - деді «Художественная литература» баспасының директоры, жазушы Георгий Прякин.

«Дулат Исабековтың шығармалары қазаққа, орысқа, жалпы әлемге ортақ. Себебі, ол шынайы суреткер», - деді Николай Анастасьев

«Исабековтың шығармаларын оқып отырғанда таң қалғаным, трагедиялы кейіпкерінің өзі оқырманның өмірге құштарлығын оятады. Мұндай образ жасау тек қана шебер суреткердің ғана қолынан келеді», деді әдебиетші Ксения Храмцова.

Сынып жетекшісі: Сөз иесі дарыған адамдарды халық Аллатағаланың айырықша шапағатына бөленген жандар деп ұғады. Оларға үлкен үміт артады, көңіл түпкірінде жатқан ойды жарыққа шығарады деп біледі. Бүгінде ел мүддесі, жер тағдыры, ұлттық құндылықтарға байланысты мәселелерді баспасөз беттерінде де Үкімет алдында да ашық айтып, өткір қозғап жүрген зиялы қауымдардың бірі- Дулат Исабеков. Қазақстанның Халық жазушысы Дулат Исабеков Қазақстан Мемлекеттік және платиналы «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты атанды. Д. Исабековтың айтқан нақыл сөздері:

Жомарт: Қазірге қазақтың алдында ең өзекті деген екі мәселе тұр. Ол – тіл мен жер.

Қуантай: Біз көзімізді ашқаннан жыр-киссаларды тыңдап өстік. Мектепте оқып жүргенімде, 71 өлең-жыр жаттап өскен екенмін. Жыр дастардарды, кітапты оқып өскен бала жауыздыққа жоламайды.

Нұрқанат: Тіліміз, рухымыз, қайсарлығымыз сақталса, қазақтың намысы биік болса, халық аштыққа да, суыққа да, жалаңаштыққа да төзе біледі.

Оралхан: Жазушыға қажет қасиеттер-азаматтық, ұлтжандылық, әділдікке араша түсу.

Махаббат: Мен кейде қазақтың өткен проблемасынан гөрі өтетін проблемасы көпше деп қорқамын. Өйткені, қазіргі геосаяси жағдайды жақсы білеміз, ұлттық санын жақсы білеміз. Әскеріміз мынау, территориямыз кең, байлығымыз көп. Оның бәрі мақтаныш, бірақ, сол мақтанышқа көз алартып отырған адамдар көп. Мәселеміз көп болама деп қорқып отырғаным сол.

Аяжан: Кешегі Ахмет Байтұрсынұлының, Әлихан Бөкейхановтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтың «Оян, қазақ» деп тастаған ұрандары, айтқан сөздері ойымызда, асыл сөз ретінде жаттаймыз. Білеміз де, оларды өсиетін орындамаймыз. Соңғы жылдары пендешілікке, ұсақтыққа ұрынып бара жатқанымыз қабырғамызды қайыстырады.

Әйгерім: Көрініп тұрған әділетсіздікке айқай салмау, араша түспеу- бұл әділетсіздікті қолдау деген сөз.


Дилиаз: Біздің әрі ерекшелігіміз, әрі қиындығымыз-ұлтымыздың азиялық ұғым, шығыстық түсінік басым. Сол шығыстық ұғымды ала отырып, әлемдік тенденцияны ұмытпау. Жалпы Б. Брехтың сөзімен айтқанда *Әрбір ұлттың шығармасы алдымен ұлтжанды болуы керек.

Сынып жетекшісі:

Қорыта келгенде Дулат Исабековтің әлемі сахнадағы айырықша қолтаңбасымен көрерменнің есінде мәңгі қалады деп ойламын. Оның шығармашылығы өз оқырманың, көрерменнің рухани тұрғыда нәрлендіре алатындығымен де өміршең дер едім.

Дулат Исабеков есімі қазақ тарихында, қазақ әдебиетінде мәңгі қалатынына ешкім күмән келтірмесі анық. Талай кейіпкерге жан бітірген жазушы қалың оқырманға мыңдаған шығармаларымен повестерін тарту етті. Алаш жұртына ардақты жазушы өмір жолында кездескен қиындықтарды жеңіп өтіп келер ұрпаққа ағалық ақыл кеңесін айтудан жалыққан емес.

“Әлемге мәшһүр жазушы – Дулат”





Дулият Исабеков 1942 жылы
20 желтоқсанда Оңтүстік
Қазақстан облысы, Сайрам
ауданында туған



Samsung 64 MP Camera
Cyberon Galaxy A52